

Алматы облысындағы тасқын судың зардаптарын жою жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 984 қаулысы

Тасқын судан, сел тасқыны мен сырғымалардан туындаған төтенше жағдайдан зардап шеккен Алматы облысының елді мекендерінде қалыпты тіршілікті қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тасқын судан, сел тасқыны мен сырғымалардан туындаған, Алматы облысында болған төтенше жағдай өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайға жатқызылсын.

2. 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Алматы облысының әкіміне 2003 жылғы шілде айында болған су тасқынынан бүлінген көпірлерді, автомобиль жолдарын және суағарларды қалпына келтіруге 200 000000 (екі жүз миллион) теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Алматы облысының әкімі 2003 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп ұсынсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі